



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

НАУРЫЗ МӘДЕНИЕТІ

Жүнісбай Ерлан

ra2030@mail.ru

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «мәдениеттану» мамандығының
2 курс магистранты, Астана қ, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Ғарифолла Есім

Қазақ тарихында наурыз мейрамының алатын орны зор. Әр мемлекет, ұлт, халық өзіндік бет келбетін айшықтайтын мейрамдарымен мақтанады. Мейрамдардың түрлері өте көп. Діни, мемлекеттік, ұлттық және атаулы немесе белгілі бір мамандыққа қатысты мейрамдар. Адамның өміріне қатысты да толған мейрамдар жетерлік. Бір сөзбен, адам өмірінде мейрамдар жетіп, артылады. Осылардың ішіндегі Қазақ халқы үшін ең маңыздысы – Наурыз мейрамы деп санаймыз. Міржақып Дулатұлының наурыз мейрамына қатысты ойына тоқталайық.

«Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол - Наурыз».

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы ... Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айырықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, наурыз ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінің жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды» [1, 302].

Наурыз мейрамының шығу тарихына қатысты көптеген дерек көздерін табуға болады. Соның ішіндегі Уикипедия — ашық энциклопедиясында «Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава=жаңа + рэзаңһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз "Халықаралық Наурыз күні" болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде "Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын" мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді. Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап). Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі» делінген [2].

Халықаралық деңгейде аталып өтетін мейрамның тарихы өте тереңде. Бүкіл түркі тектес халықтардың барлығын қамтитын наурыз мейрамының жүгіде ауыр. Ауқымыда кең.

Сондықтан болар, наурызға қатысты ұлт зиялылары үнемі өздерінің пікірлерін білдіріп, мейрамның мерейін көтеруге тырысып отырған. Тамыры тереңнен бастау алатын мейрам әр халықтарда әртүрлі аталуына қарамастан мән-маңызы бір. Наурыз мейрамын тойлау дәстүрін әр ұлт өзінің болмысына қарай өзгертіп, жетілдіріп отырған. Қазақ халқы үшін, Наурыз мейрамы – жыл басы саналады.

Ата-бабадан қалған аңыз бойынша 21 наурыз күні-түні Қыдыр баба ақсақал кейпінде елді, мекенді аралап, дәулет дарытады, бақ қондырып, батасын береді екен. Ел таңғажайып оқиғаларға, күтпеген олжаға тап болып жатады. Аспаннан түсетін Қыдыр атаны күтіп,

түнімен ұйықтамай, арман-тілектерін айтып, тағылымы мол әңгіме, ертегілер айтылған. Біздіңше, осындай әдістер қолданса ғана мейрамның құдіреті сезілмек.

Тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып, цензураның қатал кезінде елімізде наурыз мейрамын атап өтуге тиым салды. Ең негізгі аргументі діни мейрам, ал, дін - халық үшін апиын деген түсінік қалыптастырды. Совет үкіметінің алғашқы жылдарында атап өткенімен, ол қуаныш ұзаққа бармады. 1926 жылы Наурыз мейрамын ескіліктің қалдығы, діни мейрам деген айып тағып, тойлауға рұқсат бермеді. Дегенмен, халық арасында астыртын тойланып, қазақ тарихының санасынан мүлдем жоя алмады. Тура 60 жылдан кейін белсенді жастардың бастамасымен Наурыз мейрамы Алматы қаласында тойлана бастады. Қазіргі күні бүкіл ел, халық болып тойлауды дәстүрге айналдырдық. Жылдан жылға ерекше атап өтуге деген құлшыныс, тілекте жетіп артылады. Мерзімді басылымдарда, ғаламторда, телеарналарда арнайы хабарлар ұйымдастрылып наурыз мейрамына қатысты өз ойларын ортаға салуда. Наурыз мейрамы тек ән салып, би билеп, дастарханнан тойып тамақ ішіп қайту емес, оның артында ұлттық дәстүріміз, мәдениетіміз жатқандығын көрсету керек. 5000 мың жылдан астам тарихы бар мейрамның өзіндік мән, маңызы бар. Сондықтанда, наурыз мейрамын елімізде халықтың ең сүйікті мейрамға айналдыру мақсаты тұр. Наурыз діни мейрам емес, табиғаттың өзі ұсынып отырған мейрам екендігін халыққа түсіндіру. Наурыз мейрамы ең алдымен балаларға арналғанда ғана халықтың қолдауын табады.

«Ең әуелі Наурыз балдырғандарға арналуы керек. Наурызда біз бар мейірім-шапағатымызды балғын балапандарымызға арнағанымыз дұрыс. Жаңа жылға сәби неге үйір? Рождество несімен мықты? Аяз ата да, Санта-Клаус та ең әуелі баланың тілін табады. Бір ғана шырша сол күннің шырайын келтіріп, Жаңа жылдың идеологиялық нысанына айналып кетті. Алғашында Жаңа жыл қарсаңында үйге тек қарағай немесе шырша бұтағын орнатқан. Бертін келе бүтін бір ағашты сәндеп қою дәстүрге айналған. Алғашқы жанажылдық шырша француздық ауданның бірі – Эльзаста орнатылған. Бұл оқиға, шамамен, 1600 жылдары болған екен. Ал енді сол шыршаның айналасында асыр салған ойын баласына Аяз аталар сыйлық сыйлайды, тарту-таралғысын жасайды. Отбасы мүшелерін, үлкендерді де назардан тыс қалдырып көрген емес. Осы тәрізді дәстүрдің берік орнығуы бұл мерекелерді халыққа барынша жақындатқаны мәлім. Сөйтіп Жаңа жылдан әрбір бала тосын жаңалықтар күтеді. Сол секілді Наурыздың қадір-қасиетін жан-жақты қамти отырып, шын мәнінде мереке жасағымыз келсе, Наурыздың бірінші мағынасы да, сәні мен салтанаты да балдырғандар болуы тиіс. Екінші. Ұлттық киім. Осындай қасиетті күндері әркім өзіне жарасатындай, сән-салтанатымен, мақтанышпен киетіндей ұлттық киім үлгілеріне ерекше мән берсе. Наурыз – барша қазақстандықтардың мерекесі. Сондықтан бұл ұлы мерекеге әр ұлттың өкілі өздеріне тән дәстүрлі киімдерін кесе. Қазақтың дәстүрлі ұлттық киіміне күллі әлем тамсана, қызыға қарайды. Барлығымыз осы қасиетті күні, басқа да атаулы күндері ұлттық киім киіп шығайық! Байқасаңыз, Тәуелсіздік таңы атқалы бері жоғарғы биліктен Наурыз мерекесінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қана әдемі шапан киіп, Ұлыс күнінде қалай жүрудің керемет мәдениетті үлгісін көрсетуде» [3].

Біз Наурыз мейрамын барша бүлдіршіндердің сүйікті мерекесіне айналған «Жаңа жыл» мейрамымен салыстырып жатамыз. Жаңа жылды тек бала ғана емес, қартайған қарияға дейін әзірленіп, күтеді.


Ең алдымен ұлттық мейрамның тойлануы балаларға арналғанда ғана жалпыхалықтық отбасылық мейрамға айналады. Себебі, әр отбасы, ата-ана ең алдымен балаларына көтеріңкі көңіл-күй, сыйлық жасағанды құп көретіні белгілі. Одан кейін барып ата-бабадан мирас болып келе жатқан дәстүрді, ұлттық ойындарды, ас мәзірінің ерекшелігін көрсеткісі келеді.

Наурыз мейрамының жаңа ұлттық кейіпкерлерін қалыптастыруымыз керек. Мысалы, Аяз ата, Ақшақар дегендер кезінде қолдан жасалған образдар. Наурыз – құт мерекесі. Құт дегеніміз – адам мен табиғаттың бірлігін білдіретін ұғым. Құттың халқымызда қалыптасқан символы бар. Ол – Қыдыр ата. Демек, Наурызда жыл басында жұртшылыққа құт, береке тілейтін Қыдыр ата батасын дайындап, қасына Наурыз айын бейнелейтін бозбала – Наурызды ертіп, бүлдіршіндерге молынан сыйлық таратып, ән-күйге бөлесе. Балабақша, орта

мектеп, жоғары оқу орындарында наурыз мейрамдарын ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру қажет. Мейрамға міндетті түрде балаларды шақырып, сыйлық жасаса өте қызықты болар еді. Осы ретте, халық ертегілерінің, аңыздарының кейіпкерлерін тегіс жаңаша түрде сахналандырылған көріністерге айналдыратын «Наурыз - ертегі әлемі» деген шоу ұйымдастырса құба-құп. Қыдыр ата образын жасаған адамдар үйді-үйді аралап, балаларға сыйлық таратады. Халыққа сонда ғана бұл мереке кеңінен тарап, бірден қолдау табатыны анық. Театрларда балаларға арналған қойылымдар көрсетіп, Тазша бала, Мыстан кемпір, Жезтырнақ, Сакқұлақ, Желаяқ, Таусоғар, Алдар көсе, Жиренше және тағы басқа кейіпкерлердің образдарының жағымды жағын ашып көрсету керек. Наурыздың 21, 22 күндері барлық ел бойынша Қыдыр атаның ақылы қызметін ұйымдастырып, әр отбасы мүмкіндігінше балалары мен немерелеріне базарлық, сыйлық үлестірсе дейміз.

Наурызда ұлттық киім үлгісіне мән беру керек. Әрбір қазақстандық міндетті түрде наурыз мейрамына және одан кейін де барлық мерекелерде, тойларда, мерейтойларда, сауықты кештерде киіп жүретін киім үлгілерін тіккізулері қажет. Киім үлгілері жас мөлшеріне, жыныстық ерекшелігіне қарай тігілгені дұрыс. Бұл еліміздің жеңіл өнеркәсібін, жеңіл өнеркәсіпке қатысты іскерлікті жетілдіретін игі шара болар еді. Наурыз мейрамында еліміз осы мәселеге бетбұрыс жасаса деген тілегіміз бар. Бұл ел экономикасына әрбір қазақстандықтың инвестор болуы деген сөз. Бұдан ұлттық киімге деген сұраныс артып, елдігіміз, мәдениетіміз жаңа сапаға көтеріледі.

Көпшіліктің түсінігінше, Наурыз мейрамы алаңдарда, мекемелерде қазақ үйлер тігіліп, молынан дастархан жайылады да, барлық той, думан, тек қана әнші, биші, қоғамда беделі бар тұлғалар мен басшыларға арналғандай көрінеді. Яғни, шағын топқа жасалған мейрам. Қазақ үйдің есігі тек комиссия, басшыларға ғана ашылып-жабылады. Ал, қарапайым халық есіктен сығалап жүреді. Соңынан амалсыздан шаршап үйіне қайтады. Солардың бірқатарын ұят болсада көрсетейік.



Бұл жазба авторлары көзімен көріп, содан алған әсерін ашық жариялады. Осындай көріністер наурыз мейрамының еңсесін түсіретіндігі анық. Жазбалардан сабақ алып, алдын алу шараларын алғанымыз жөн. Ол, үшін кешенді түрде, бүкіл халық болып наурыз мейрамының мән, мақсатын түсіндіру маңызды.

Наурыз – түркі халықтарының жыл басы болғандықтан бүкіл халықтық сипат алуына көп мән берген жөн. Осы ретте, тек ата-әжелеріміз ғана емес, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін қатысатын ең сүйікті, ең қалаулы мейрамға қайтсек айналдырамыз деген сауал бізді де толғандырады. Ол үшін Наурыз мерекесін тойлаудың бірыңғай стандартын ұсынып, қолдау тауып жатса бүкіл ел аумағына насихаттау қажет деп ойлаймын.

Наурыз дастарханыда мейрамның әрін келтіріп, жағымды қылады. Наурыз дастарханы дәстүрлі жеті тағамнан тұрады: бауырсақ, жеті шелпек, Наурыз көже, қазы – қарта, қуырдақ, жент, қымыз не шұбат. Ұлттық тағам өндіру және оны пайдалану – Наурыз дастарханы тек мейрам күндерінде ғана емес, жыл бойы ас мәзірінде болуы ел экономикасына қосылатын қомақты үлес болмақ. Ауыл, қалаларда наурыз дастарханы ас мәзірінде ең таңдаулы тағамға айналып, ұлттық тағамдарымызға деген сұраныс өседі. Ал, Наурыз көже ұлттық брендке айналады. Зиянды, газдалған сусындарға қарағанда наурыз көженің құнары, пайдалығына деген сенім арта түседі.

Наурыз мейрамын он төртінші наурыздан, яғни көрісу күнінен бастаған абзал. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Жыл басы Наурызбен бірге ызғарлы қыстың орнын шуақты көктем басып, тіршілік қайта түлейді. Бұл күні адамдар бұлақ көзін ашып, тал еккен, жоқ-жітікке жәрдемдескен, алыс кеткен ағайын қауышқан, араз жандар татуласып, қайта табысқан. Міне, көрісудің мақсаты осы». «Көрісу» дәстүрі Батыс өңірімізде әуел бастан қалыптасқан, соны жалпы елдік дәстүрге айналдыру маңызды іс. «Бұл күндер халықты қуанышқа бөлейді. Мереке күндері жұрт бір-біріне қонаққа барып, бұрынғы өкпе-реніштерін кешіріседі, бір-біріне игілік пен бақ-береке тілейді. Наурыз мейірімділік пен өзара көмек сияқты мәңгілік құндылықтарды еске салып тұрады»[4].

Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады.

Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-қолаң бір-бірін шеке асына шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық сұрасып, құт-береке тілейді. Туыстық қарым-қатынастың одан сайын берік болуына септігін тигізеді.

Бесіншіден, Наурыз айының 14 жұлдызынан бастап жастар ұйымдары жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, бизнесін дөңгелетіп отырған азаматтардың қолдауымен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қаржылай, азық-түлікпен көмек көрсетеді. Елімізде кеңінен тараған еріктілер одағының көмегі де жандана түседі. Әлеуметтік көмектің мақсаты 21, 22, 23 наурыз күндерінде өтетін іс-шараларға халықтың тегіс қатысуын қамтамасыз ету. Мейрамда адамдардың теңдігін көрсету. Наурыз күні адамдардың бәрі тең. Бұл — мейрамның басты ұраны. Яғни, Наурыз мейрамы қайырымдылық пен мейірімділіктің ұйытқысы болмақ.

Наурыз айында сауда үйлері жеңілдіктер, жаны жомарт бай, дәулетті азаматтар мұқтаж адамдарға қолдау, шығармашылық топтар (цирк, театр), әншілер қайырымдылық концерттер ұйымдастырып, дәрі-дәрмек, операцияға мұқтаж балаларға қаржылай көмек көрсетеді. Осы іс-шаралардың барлығы жасалса Наурыз мейрамын күтіп, көпшіліктің мерейі көтеріледі. Яғни, ізгіліктің де айына айналары сөзсіз.

Наурыз айында мемлекеттік деңгейде жылды қорытындылап, әр саланың үздік өкілдерін анықтап, орден, медальдарын, арнайы сыйлықтарын беруді орнықтыру қажет. Қосымша еңбекақы, ақшалай сый-сыйапат жасау мейрамның маңызын арттырады.

Токсан ауыз сөздің түйіні, елдігіміздің бірден бір көрінісі әдет-ғұрыптарымыз бен ұлттық мәдениетіміз. Наурыз мейрамы көпшілік халықты табиғатты қадірлеуге, ұлттық ас мәзірін көрсетуге, ізгілік пен қайырымдылықтың озық үлгісін көрсететін мүмкіндік. Мәдени құндылықтарымызды тағы бір сараптайтын уақыт келді.

Мәдениет, өнер, дәстүр, әдет-ғұрыпты жоғары бағалаған ел, міндетті түрде бәскеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіре алады. Қазақ елінің барлық мүмкіндіктері жетерлік. Ең бастысы және көңілге медеу болатындығы халықтың мәдениет, өнерге, ең негізгісі

наурыз мейрамын ерекше жақсы көруі. Себебі наурыз мейрамы, еліміздің береке-бірлігін көрсететін мейрам.

Ашық ақпарат заманында интернет пен әлеуметтік желілерде қазақтың тойының ұсқынсыз, жалаңашталған, ерсі көріністерін тарататындар қатары азаймай тұр. Бірі дастархандағы тамақты пакетке толтырып жатса, екінші асабаның мәдениетсіз, жиіркенішті ойындарындағы той қонақтарының жалаңаштанып, әдепсіз қылықтарға барып жатса, ал, жасы үлкен деген қария, әжелеріміз шошаң-шошаң етіп жастармен жарысып, көзге жағымсыз билерімен интернеттің жұлдызына айналуға.

Той жасайтын азаматтар мен тойға барған қонақтардың той мәдениетін сақтауына баса көңіл аударатын кез келді. Той, мейрам – қазақ халқының ұлттық дәстүрін, мәдениетін көрсететін ашық алаң. Той жасаудың өзі аса үлкен жауапкершілік кезең болғандықтан, ойланyp, той иелері ұқыптылықпен келіп, алдын ала бағдарламасын, сөйлейтін сөзін әзірлеп алғаны дұрыс. Той, мейрамдарды жүргізетін асаба, жүргізушілерге көп нәрсе байланысты. Себебі кез-келген тойда еңбектеген баладан, жасы ұлғайған қарияларымыз қарап отыратындығын ұмытпаған абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991.
2. //kk.wikipedia.org/wiki/Наурыз_мейрамы
3. <https://egemen.kz/article/165252-arystanbek-mukhamediuly-nauryz-enh-aueli-baldyrghandargha-arnaluy-kerek>
4. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/elbasy-nauryz-meiramyna-arnalghan-merekelik-is-sharaga-katysty

УДК 297.1

ТАУРАТТАҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ

Камбаров Руслан Миятбекович

kamrus78@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығының 2 курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абуов Айдар Паркулович

Иудаизм діні Исламмен Мұхаммед пайғамбарға алғашқы уахи түскен шақтан бері қатар келеді. Ең көне тарих еңбектерінің бірі Ибн Хишамның «Сира Набауиде» Уарақа бин Науфал бин Асад бин Абдул-Ғұзза Мұхаммед пайғамбардың өз аузынан Хира үңгіріндегі тылсым оқиғаны естігенде: «Ол – Мұсаға түскен Намус. Сен – үмбеттің пайғамбарысың», - дейді. Мұнан кейін пайғамбарға өз жұрты қастандық жасап, туған жері Меккеден кетуге мәжбүрлейтіндігін айтады. Бұл кездесуден кейін Уарақа көп уақыт өтпей қайтыс болды. Намус – Жәбірейіл періште, уахи деген мағынаны білдіреді. Уарақа бин Науфал жаһилиет дәуірінде насара дінін қабылдаған, ибрани тілде Таурат пен Інжіл оқыған ғұлама. Яһуди мен насара кітаптары ілімінің білгірі ретінде, Мұса мен Мұхаммед пайғамбарлар арасында Иса Масихтың келгенін білмеуі мүмкін емес. Демек, «Ол – Мұсаға түскен Намус» деуінен Мұхаммед миссиясының Иса насихатынан қарағанда Мұса пайғамбармен ортақ дүниелер көп екені аңғарылады.

Ясрибте (қазіргі Мадина қаласы) байырғы Аус және Хазраж араб тайпаларымен үш бірдей үлкен Қайнуқағ, Надир және Құрайза иудей (яһуди) қауымы қатар мекен еткені тарихи шындық. Ал, осы иудей қауымдары араб жарты аралына қоныстануында саяси-әлеуметтік себептен қарағанда діни факторы басым. Мұхаммед Ғазалидің «Фикһу сира» еңбегінде Асым бин Амр бин Қатададан мынадай дерек келтіріледі: Мадиналық мұсылмандар Алланың мейірімімен біздің Исламды қабылдауымызға яһуди ғалымдарынан